

ТҮЛЕКТЕРГЕ ДИПЛОМ ТАПСЫРДЫ

Мемлекет басшысы Назарбаев Университеті студенттеріне диплом тапсыру рәсіміне қатысты. Рәсімге студенттер, олардың ата-аналары, Қамқоршылық кеңесінің мүшелері, сондай-ақ университеттің профессор-оқытушылық құрамы қатысты.

Мемлекет басшысы жиналғандарға арнаған сөзінде түлектерді оқу орнын табысты аяқтауымен құттықтап, университет жас мамандардың екінші легін өмір жолына шығарып салып отырғанын атап өтті.

— Былтыр мен университетіміздің алғашқы түлектеріне диплом тапсырған едім, бүгінде олардың нәтижелерін мақтаныш етіп отырмыз. Олар өз ісінң нағыз кәсіпқой маманы ретінде қалыптасты, Қазақстанның және шет елдердің жетекші компанияларында жұмыс істеп жатыр. Көпшілігі шетелдік ғылыми-зерттеушілік орталықтарында білім алуын жалғастырды. Ал бүгін университет қабырғасынан үлкен өмір жолына тағы 638 маман — 457 бакалавр және 181 магистр аттанғалы тұр. Университет тек Қазақстан үшін емес, көптеген дамыған елдер үшін де сирек кездесетін бағыттар бойынша мамандар даярлайды. Ол — биохимиялық және ядролық инженерия, роботтық техника мен мехатроника, — деді Нұрсұлтан Назарбаев.

Нұрсұлтан Назарбаев оқу орны жоғары деңгейдегі кадрларды даярлау үшін ашылғанына назар аударып, түлектерді экономиканың нақты секторына баруға шақырды.

Мемлекет басшысы осы орайда түлектердің табысқа жетуіне тәлімгерлер мен педагогтардың сіңірген еңбегін атап айтып, университеттің профессор-оқытушылық құрамына, сондай-ақ Қазақстанның барша педагогтарына жаңа буын қазақстандықтарға білім мен тәрбие беру жөніндегі жауапты жұмыстары үшін ризашылық білдірді.

Нұрсұлтан Назарбаев осы күндері бүкіл ел бойынша мыңдаған қазақстандық студенттер диплом алып жатқанына назар аударды. Олардың оқу бітіруі ел тәуелсіздігінің 25 жылдығына тұспа-тұс келуімен ерекшеленеді, соған орай Мемлекет басшысы барлық Қазақстан жастарына сөз арнады.

— Ширек ғасырда біздің Отанымыз барша қазақстандықтар еңбегінің арқасында бұрын-соңды болмаған жетістіктерге қол жеткізді. Бірқатар жаһандық рейтингтер көрсеткіштері бойынша, Қазақстан қазірдің өзінде дамыған 50 елдің қатарына қосылды. Бүгінде біздің алдымызда бұрынғыдан да ауқымды міндеттер тұр. Әлемнің дамыған 30 елі қатарына қосылу жөніндегі өршіл мақсатқа жету үшін «100 нақты қадам» Ұлт жоспары жүзеге асырылуда. Бұл тұста сіздердің, жастардың, ролі ерекше. Әр аламың өмірі оның төзімділігін сынай-тынына, тағдырдың тосын өзгерістеріне толы. Нағыз бақыт — адамның өз өмірінің әр сәтінде дұрыс таңдау жасап, сол арқылы сырт әлеммен және өз болмысымен үйлесім табуы. Егер жастар гуманизмді, білімді, жауапкершілікті, әділеттілікті таңдаса, әрдайым табысқа жетеді, — деді Қазақстан Президенті.

Мемлекет басшысы іс-шара барысында магистратура мен бакалавриат түлектеріне үздік дипломдар тапсырды.

ҚАҰІПСІЗДІК КЕҢЕСІНІҢ ОТЫРЫСЫ ӨТТІ

Жиында биылғы 5-6 маусымда Ақтөбе қаласында болған оқиғаға баға беріліп, елдегі қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі іс-шаралардың тізбесі анықталды. Сондай-ақ Бас прокурор Ж.Асановтың, Ішкі істер министрі Қ.Қасымовтың, Ұлттық қауіпсіздік комитетінің төрағасы В.Жұмақановтың және Ақтөбе облысының әкімі Б.Сапарбаевтың баяндамалары тыңдалды.

Қазақстан Президенті қаза болған әскери қызметшілер мен еліміздің бейбіт тұрғындарының туған-туыстары мен жақындарына кеңес мүшелерінің және жеке өзінің атынан көңіл айтты. Қаза болғандардың отбасыларына мемлекет тарапынан жан-жақты көмек көрсетілетінін атап өтті.

Қазақстан Президенті жасалған шабуылдарды мәнсіз және зұлым әрекет ретінде атап өтті.

— Мұның дәстүрлі емес салафизм діни ағымы жолын ұстанушылар тобының террористік шабуылы екенін біз қазір біліп отырмыз. Республикада дін ұстану бостандығына кепілдік бере отырып, біз діннің атын жамылып елдегі жағдайды ушықтырушылардың барлығына қатаң тойтарыс беру ниетіндеміз, — деді Мемлекет басшысы.

Нұрсұлтан Назарбаев террористердің жоспарына қарамастан бейбіт халық арасында көп адам шығынына жол берілмегеніне назар аударды. Мемлекет басшысы ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге бағытталған стратегиялық және жүйелі сипаттағы бірқатар тапсырмалар берді.

Атап айтқанда, Қазақстан Президенті Үкіметке екі айдың ішінде терроризм мен экстремизмге, қару айналымы мен оны сақтауға және сақтауға қарсы әрекет ету саласындағы, көш-қонды және діни бірлестіктерді реттеу саласындағы заңнамалық бастамалар жиынтығын әзірлеуді тапсырды.

Нұрсұлтан Назарбаев болып өткен оқиғалар күш құрылымдарының жұмыс тәсілдерін түбірімен қайта қарау қажеттігін көрсеткенін айтты. — Заңнамалық қатайытты, осы салаға қатысты қабылданған бағдарламаларға талау жүргізілген және тиісті өзгерістер енгізетін кез келді, — деді Қазақстан Президенті.

Мемлекет басшысы АҚШ, Израиль, Германия және өзге де бірқатар шет мемлекеттерде шеттен келетін қаражаттың пайдаланылуының жариялылығын қамтамасыз етуге бағытталған түрлі тәсілдер қолданылатынын атап өтті.

Нұрсұлтан Назарбаев әскери қалашықтарды, әскери бөлімдерді, ок-дәрі мен қару-жарақ сақталатын орындарды қоса алғанда, барлық әскери нысандарды қорғау шараларына айрықша көңіл бөлу керектігін атап көрсетті.

Мемлекет басшысы халықпен жұмыс жүргізу ісін түбегейлі жақсарту керектігін айтты.

— Әрбір жұмыссыз адам біздің есебімізде болуға тиіс. Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігі әкімдіктермен бірлесіп отырып, әр адаммен жеке жұмыс жүргізіп, екі ай мерзім ішінде халықтың осы бөлігін жұмыспен қамту жөнінде ұсыныстар енгізуі тиіс. Қажет жағдайда «Еңбек» кодексіне тиісті өзгерістер енгізу жөнінде бастамалар ұсыну керек, — деді Нұрсұлтан Назарбаев.

КӘСІПКЕР ЖОБАСЫНА ҚОЛДАУ КӨРСЕТІЛДІ

Қызылорда облысы әкімдігі жас кәсіпкер Оразай Қалымбетовтың аяқ киім шығару жобасын қолдады. «Бизнестің жол картасы-2020» бизнесті қолдау мен дамытудың бірыңғай бағдарламасы аясында ол аяқ киім шығаратын цехын дамытуға 1,8 млн теңге қайтарыссыз грант ұтып алды.

Айта кетейік, осыдан бірнеше ай бұрын жас кәсіпкер «Жанақорғанда жасалған» брэнден аяқ киімдер шығаруды қолға алған болатын. Цехтағы құрал-жабдығы ескі болғанымен, күніне 50 жұпқа дейін аяқ киім шығаратын ол гранттық қаражатқа алдағы уақытта жаңа қондырғы сатып алуды көздеп отыр. Оның айтуынша, жаңа қондырғы өндіріс көлемін екі есеге ұлғайтуға және кәсіпорын жұмысын жеңілдетуге мүмкіндік береді.

— Аудандық жастар ресурстық орталығының бағыттауымен “Даму” қорының Қызылорда қаласындағы кәсіпкерлерге қызмет көрсету орталығына жүгіндім. Аталған қордың кеңесшілерінің көмегімен Ұлпан Аширова бизнес-жоспар әзірлеп, гранттық қаржыландыру конкурсына қатысуға қажетті құжаттарды тез арада дайындап үлгердім. Облыс әкімдігінен менің жобам қолдау тауып, цехтың өндіріс көлемін ұлғайтуға мүмкіндік беретін құрал-жабдық сатып алуға грант бөлді, — деді Оразай Қалымбетов.

Жыл басынан бері аймақтық үйлестіру кеңесі жалпы сомасы 17,8 млн теңге болатын 20 жобаны қолдап, бастауын кәсіпкерлердің бизнес бастауына гранттық қаражатын бөліп отыр. Аталған қолдауға не болған кәсіпкерлердің жобалары сәтті жүзеге асқан уақытта жанадан 40 жұмыс орны ашылады деп күтілуде.

Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ.

Сыр бойы



1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

14 МАУСЫМ СЕЙСЕНІ

2016 ЖЫЛ №88 (19174)

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

www.syrboyi.kz

● ЖҮЗДЕСУ

ДАРЫНДЫЛАРҒА ДАҢҒЫЛ ЖОЛ

Облыс әкімі Қырымбек Көшербаев сенбі күні Президенттің, халықаралық, республикалық пәндік олимпиадалардың және ғылыми жоба конкурстарының жүлдегерлерімен кездесті. Кездесуде аймақ басшысы жастарға сөзін арнады.

— Ел болашағы — жастардың жан-жақты қабілетті, білімді болып өсуі қоғамның ырысы. Кез келген ел өзінің келешегін өскелең ұрпағымен байланыстырады. Қазақ халқының ұлы ханы Абылай «Білектіңің заманы өтті, білімдіңің заманы келді» деген болатын, қазіргі заман нағыз білім мен біліктілікті қажет етеді. Елбасы Н.Назарбаевтың «Болашаққа кемел біліммен» деп айтуы, жаңа технологиялардың көші ілгері тұрған ХХІ ғасырда терең білім алып, Мәңгілік еліміздің болашағын берік етуге міндеттейді. Қазіргі таңда қазақ елі жан-жақты өркендеп, дамып келе жатқан алып елге айналып жатыр. Елімізде жастардың сапалы білім алуына барлық жағдай жасалуда. Осыған дәлел, түрлі білім бәсекелеріндегі жетістіктеріңіз — Тәуелсіздік пен тұрақтылықтың теңдессіз тартуы — «Тәуелсіздіктің 25 жылдығы», «Абылай ханның (Әбілмансұр) туғанына 305 жыл», «Исатай мен Махамбет бастаған ұлт-азаттық көтеріліске — 180 жыл», «Аты аңызға айналған қазақ балуаны Қажымұқан Мұнайтыпасовтың туғанына 145 жыл», «1986 жылғы Желтоқсан оқиғасының 30 жылдығы» мерейтойлармен тұспа тұс келіп отыр. Ағарту-ақпарат арман еткен Тәуелсіздігіміздің баяндылығы — ғылыммен жарактанған жас ұрпақ — Сіздердің қолдарыңызда. Мен Сіздердің Алаштың ұранына, ұлтымыздың ұланына, халқымыздың қыранына, дүйім жұрттың жыр-өніне айналуларыңызға тілектеспін! — деген Қырымбек Елеуұлы мұнан соң облыс оқушыларының жетістіктерін атап өтті.

Биылғы жылы дарынды оқушыларымыз Қазақстан, Ресей, Грузия, Оңтүстік Корея мемлекеттерінде өткен Халықаралық олимпиадаларға, ғылыми жарыстарға қатысып 30-ы (Алтын медаль — 4, Күміс медаль — 7, Қола медаль — 19) жүлделі орындалды иеленді. Республикалық пәндік олимпиадалар мен ғылыми жоба конкурстарына, Президенттік олимпиадаға қатысып 27 оқушы жеңімпаз атанды (Алтын медаль — 4, Күміс медаль — 5, Қола медаль — 18).

2015-2016 оқу жылында мектеп бітіруші түлектер саны

6564 болса, ҰБТ-ға 4507 оқушы қатысты. Облыс бойынша 9 ҰБТ пункттері жұмыс жасап, талапқа сай қажетті құралдармен толық жабдықталып, ұйымдастыру жұмыстары өз деңгейінде жүргізілді. ҰБТ қорытындысы бойынша 82,7 пайызды құрап, 2014-2015 оқу жылының көрсеткішінен 1 пайызға жоғарылады. Ең жоғары 122 балды облысымыздың 4 оқушысы жинап, 132 түлек «Алтын белгіге» 33 бітіруші «Үздік аттестатқа» қол жеткізіп, өз білімдерін дәлелдеді.

Биыл Халықаралық олимпиадалар мен ғылыми жарыстардың жүлдегерлері атанған 37 түлек ҰБТ-ден босатылды. Өткен жылы ҰБТ-ға қатысқан балалардың 50 пайызға жуығы қазақстандық және шет елдердегі ЖОО-ға білім гранттары негізінде оқуға мүмкіндік алды. Жалпы мектеп бітірушілеріміздің 90,3 пайызы колледждер мен университеттерде мемлекеттік білім

атынан рахмет айтып, болашақ ел тізгінін ұстар, көшбастар азаматтар ретінде сенім артып, қолдау көрсеткені үшін Қырымбек Елеуұлына шынайы ризашылығын жеткізді.

— Біз, Сыр елінің жастары атынан, Елбасымыздың «Қазақстан—2050» стратегиясында айтылғандай, ХХІ ғасырды Қазақстанның алтын ғасыры етуге бар күш-жігерімізді, білімімізді жұмысауға уәде береміз, — деді жүлдегер оқушы.

Кездесуді қорытқан аймақ басшысы мамандық таңдағанда аймағымыздың экономикалық дамуындағы еңбек нарығында жоғары сұранысқа ие мамандықтарға бағдар алу қажеттігін айтты.

— «Бір әріп үйреткен ұстазына қырық жыл сәлем бер» дегендей, Сіздер қандай да бір жетістікке қол жеткізсеңіздер ол ұстаздың арқасы. Ұстаздарыңызды мәңгі құрметтеңіздер! — деп, облыс басшысы жастарға алдағы өмірлерінде сәттілік



гранты және ақылы негізде білім алуға қол жеткізді. Бұл, әрине, жоғары көрсеткіш. Сонымен бірге, соңғы екі жылда 2500-ден астам түлегіміз «Серпін-2050» бағдарламасы бойынша еліміздің солтүстік өңіріндегі колледждер мен университеттерде мемлекеттік білім гранты негізінде білім алуға қол жеткізді. Сыр өңірінің 325 түлегі бүгінгі күні Мәскеу мен Санкт-Петербургтың 3 іргелі университеттерінде білім алуға мүмкіндік алды. Биылғы жылы жоғарыда атап өткен үш университетке облысымыздың 2000-нан астам оқушысы емтихан тапсырды.

Республикалық пәндік ғылыми жоба жеңімпазы Мадалан Данабек кездесуге қатысушылар және облыс оқушылары

тіледі.

Кездесуге келген 55 шәкірт облыс әкімінің алғыс хатымен марапатталып, естелік сыйлықтарға ие болды. Мұнан соң олар аймақ басшысымен естелік суретке түсті. Қырымбек Елеуұлының ұсынысымен облыстық әкімдіктің ғимаратын аралап көріп, ситуациялық орталық жұмысымен танысты. Аймақтың маңдайалды оқушылары облыс әкімінің жұмыс бөлмесін көруге де мүмкіндік алды.

Ыдырыс ТӘЖІҰЛЫ.

● ҰЛТ ЖОСПАРЫ 100 НАҚТЫ ҚАДАМ

«АЗАМАТТАРҒА АРНАЛҒАН ҮКІМЕТ»

Елбасы Н.Назарбаевтың Бес институционалдық реформаны жүзеге асыру жөніндегі «100 нақты қадам» Ұлт жоспарында мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің провайдеріне айналатын «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясын құру көзделген еді. Осыған орай Үкіметтің арнайы қаулысы қабылданып, жер-жерде осы бағыттағы жұмыстарды ұйымдастыру мақсатында «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы орталығы, жылжымайтын мүлік орталығы, мемлекеттік зейнетақы төлеу орталығы мен халыққа қызмет көрсету орталықтары республикалық мемлекеттік кәсіпорындары енді «Азаматтарға арналған үкімет» коммерциялық емес акционерлік қоғамы болып қайта құрылып, қызметін үстіміздегі жылдың 11-сәуірінен бастады.

Мемлекеттік корпорация бірінші кезеңде — 522, ал екінші кезеңде 700-ден астам мемлекеттік қызмет көрсетеді. «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясының басты ерекшелігі

— барлық бизнес-үдерістерді автоматтандыру мен онтайландыру. Біріктірілген кәсіпорындарға ХҚКО-лардың қолданысындағы қызмет көрсету мониторингі мен сапасын бағалаудың жаңа құралдарын пайдалану, СМС хабарлау, келергісіз қызмет көрсету, кезекті броньдау сервисі тәрізді мемлекеттік қызметтерді көрсетудің бірыңғай стандарттары енгізілген.

Мемлекеттік корпорация қызметіндегі жаңалықтардың бірі — қызметті көрсетуге өтінімді қабылдау және дайын құжаттарды беруден басқа, қызметкерлер оларды өңдеуді жүзеге асырады. Республикамыздың барлық ХҚКО-ларында енгізілген ақпараттық жүйенің арқасында, қызмет көрсету уақыты мен қажет етілетін құжаттар едәуір қысқаралды.

Бүгінде жұмыстарын бастап кеткен «Азаматтарға арналған үкімет» МК» АҚ-ның «Халыққа қызмет көрсету орталығы» департаментінің облыстағы филиал директоры Аида Әбібуллаева жаңа қызметтің жайы туралы әңгімелеп берді.

2-бет

● МӘЖІЛІС

БЮДЖЕТТІ ИГЕРУ — БАСТЫ МІНДЕТ

Жиында қаралған бірінші мәселе — бюджет қаржысының игерілуі. Облыстық қаржы басқармасының басшысы Талғат Жақыпбаевтың мәліметінше, облыс бойынша 2016 жылдың 1 маусымына бюджет түсімдері 105,3 пайызға орындалды. Оның ішінде бюджеттің өз кірістері 132,7 пайызға орындалып, 3995,4 млн теңге артық түсіп отыр. Сондай-ақ, республикалық бюджеттен 64068,4 млн теңге нысаналы трансферттер алынды.

Қызылорда облысы бюджетінің шығындар жоспары 97,6 пайызға орындалды. Игерілмегені — 1849,4 млн теңге. Атап айтсақ, Арал ауданында 96,9 % орындалып, 129,4 млн теңге игерілмеген, Қазалыда 94,0 % орындалып, 263,2 млн теңге, Қармақшыда 98,1 % орындалып, 70,1 млн теңге, Жалағашта 97,6 орындалып, 57,0 млн теңге, Сырдарияда 98,6 % орындалып, 30,5 млн теңге, Шініде 98,3 % орындалып, 71,7 млн теңге, Жанақорғанда 98,9 % орындалып, 48,7 млн теңге, Қызылорда қаласында 95,2 пайызға орындалып, 722,2 млн теңге игерілмеген.

Бұдан бөлек, облыстық бюджеттің бағдарлама әкімшілері бойынша бюджеттің атқарылуы 98,8 пайызды құраған, 459,8 млн теңге игерілмеген. Соның ішінде энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасында қаржының игерілуі төмен деңгейде, яғни 91,4 пайыз.

Басқосуда аудан және қала, басқарма басшылары осы айдан соңына дейін қаражатты толық игеруге үлгеретіндерін, сол үшін тиісті құжаттар рәсімделіп жатқанын жеткізді.

— Облыс бюджеті көлемді, оны өсіруге әлі де мүмкіндіктеріміз бар. Сондықтан, қыруар қаржыны дағарыстың кезеңінде жемқорлық пен әртүрлі кемшіліктерге жол бермей, сапалы әрі уақытылы игеру — біздің парызымыз, — деген облыс әкімі тиісті сала жетекшілеріне республикалық бюджет қаражатын толық жүз пайыз игеруді міндеттеді. Ал берілген қаржыны ұқсата алмаса, олардың жауапкершілігі қаралатынын жеткізді.

Мәжілісте «Жұмыспен қамту — 2020» бағдарламасының екінші бағыты — ауылдық жерде кәсіпкерлікті дамыту бойынша атқарылып жатқан жұмыстар сараланды. Облыстық ауыл шаруашылығы басқармасының басшысы Бақыт Жахановтың айтуынша, ауылдық жерде кәсіпкерлікті шағын несиелендіретін уәкілетті орган болып «Байқоңыр» ӘКК мен «Ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау қоры» АҚК белгіленген. Нәтижесінде, 2011 жылдан осы кезге дейін бағдарламаға қатысушы 3435 кәсіпкерге 8 979,099 млн теңге қаражат берілген. Қаржының 52 пайызы әлеуметтік кәсіпкерлік корпорациясы арқылы, қалғаны қор арқылы игерілуде.

2-бет

БЮДЖЕТТІ ИГЕРУ – БАСТЫ МІНДЕТ

Сонымен қатар, қайтарылған несие қаражатын тиімді пайдалану үшін қосымша 1 млрд 166 млн теңге 500-ге жуық адамға берілді. Осының арқасында бағдарламаның екінші бағыты бойынша барлығы 10 млрд 145 млн теңге қаржы тартылды.

Ауыл кәсіпкерлеріне бағдарлама аясында өз кәсібін ашып, табысын молайтуға мүмкіндік туды. Енді алған несиеіні қайтаратын уақыт жетті. Мәселен, «Байқоңыр» ӘКК-да биылғы жылдың шілдесінен бастап 2011 жылы берілген 200 млн теңге несиеінің қайтару мерзімі басталады. 2017 жылы 933,0 млн теңге, 2018 жылы 2000,0 млн теңге, 2019 жылы 1349,588 млн теңге, 2020 жылы 200,0 млн теңге қайтарылуы тиіс.

Бұдан бөлек, осы айдағы жағдай бойынша несие қайтармаған несие ұйымдарының қатары 105-ке жетіп, қарыз көлемі 837,1 млн теңгені құрап отыр. Бұларға ӘКК конкурстық негізде несие қаражатын берген болатын. Енді оларға шара қолданылмақ.

«Байқоңыр» ӘКК ҰҚ» АҚ басқарма төрағасының орынбасары А.Абдуллаев және «Ауыл шарушылығын қаржылай қолдау қоры» АҚ Қызылорда филиалының директоры Ә.Қамранбай бағдарлама бойынша бөлінген несие қаражатының қайтарылуының жай-жапсарын баяндап берді.

Аймақ басшысы жиында көтерілген екі мәселе бойынша тиісті басқарма басшылары мен аудандар, қала әкімдеріне тапсырмалар жүктеді.

Сондай-ақ, мәжілісте облыс әкімі кадрлық өзгерістерге тоқталды. Атап айтсақ, облыс әкімі аппаратының құқық қорғау органдарымен жұмыс және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бөлімінің басшысы болып Шотаев Серік Есіркепұлы тағайындалды. Ал Абатов Жасұлан Уәлиұлы «Қызылорда облысы әкімдігінің іс басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің директоры қызметін атқаратын болды.

Дәурен ОМАРОВ.

ТЕМІРЖОЛДА ТЕМІРДЕЙ ТӘРТІП БОЛУЫ ҚАЖЕТ

Теміржол көлігінде қозғалыс қауіпсіздігін қамтамасыз ету талаптары мен темір жол көлігі және жолаушылар тасымалы саласында көрсетілетін қызмет сапасы қатаң бақылауда болады. Қызылорда облысының әкімі Қырымбек Көшербаев осындай талап қойып, шойын жол бойындағы өзекті мәселелер талқыланған финалыс өткізді.

«ҚР Инвестициялар және даму министрлігі Көлік комитетінің Қызылорда облысы бойынша көліктік бақылау инспекциясы» РММ-нің қадағалау аймағында 1336 шақырымды құрайтын шойын жол бар. Биылғы 5 айда 108 рет локомотив машинистері тегежіпті шұғыл басқан. Оның 38 жағдайы темір жол бойына адамның, 70-і малдың кедергісінен болған.

Темір жолдың техникалық талаптары да сақталмай отыр. Өткен жылы 3 вагон, ал биыл 2 тепловоз және 4 вагон рельстен шығып кетті.

Облыс аумағында жұмыс істейтін ірі кәсіпорындардың меншіктеріндегі кірме жолдардың күтіп-ұсталуы, жөндеу жұмыстары өз деңгейінде емес. Жол бойындағы тазалық мәселесі де тасада қалып келеді.

Аймақ басшысы теміржол көлігі жолаушылар мен жүк тасымалы үшін өңірдегі қатынас пен тасымалдың негізгі түрі және облыстың әлеуметтік-экономикалық тұрақтылығы үшін маңызды екенін атап өтті. Сондықтан темір жол көлігі саласындағы апаттық жағдайлардың алдын алу мақсатында жүйелі жұмыс жүргізуді тапсырды.

Мәжілісте тиісті сала басшылары мен аудан әкімдері осы саладағы проблемалық мәселелерді көтерді. Теміржол өкелдерінің қажеттігі мен шойын жол бойындағы жабаын сауда, жолаушыларға көрсетілетін қызмет сапасының төмендігі де айтылды.

Облыс әкімі мәжіліс қорытындысы бойынша теміржол өкелдерінің жаңа жоба-сын әзірлеуді тапсырып, көтерілген мәселелердің маңыздылығын ескере отырып, аз уақытта шешілуін өзінің бақылауына алатынын айтты.

– Теміржол саласына қатысты сын-ескертпелерді «Қазақстан темір жол» АҚ-на ұсынамыз. Сөйтіп бірге жұмыс істейтін боламыз. Барлығы халық игілігі және мемлекеттің мүддесі үшін жасалуы қажет. Темір жолға темірдей тәртіп орнатылуы қажет, - деді облыс әкімі.

Ыдырыс ТӘЖІҮЛЫ.

• ДЕНСАУЛЫҚ ФЕСТИВАЛІ

САЛАУАТТЫ ӨМІР САЛТҚА АЙНАЛАДЫ

Бір аптаға созылған «Денсаулық фестивалі» өз мәресіне жетті.

Биылғы шара 6-11 маусым аралығында тұрғындардың белсене қатысумен өткізілді. Көптеген жұмыс орындары, түрлі басқармалар, кәсіпорындар, жастар бір кісідей атсалысты.

Апта бойы, қалалық, аудандық және облыстық медицина орталығының баста-масымен «Ашық есік» күндері жарияланып, облыс бойынша 10 мыңға тарта тұрғын денсаулығын тексертті.

Жастар арасында заманауи билер, көңілді танқыштар ойыны, мектептер мен бала бақшаларда түрлі сайыстар мен сурет конкурстары жарияланды.

Фестиваль салтанатында құттықтау сөз сөйлеген «Нұр Отан» партиясының облыстық филиалы төрағасының бірінші орынбасары Ибадулла Құттықожаев жүлдегерлерді бағалы сыйлықтармен марапаттады.

«Денсаулық фестивалінің» негізгі ұйымдастырушысы – облыстық денсаулық сақтау басқармасы және облыстық жастар денсаулығы орталығы. Фестиваль-да басқарма басшысының орынбасары Нұржамал Мырзағалиева шараның маңыздылығына тоқталып, спорт түрлері арқылы жүлдегерлерді марапаттады.

Сонымен бірге, салтанатты шарада «Тәуелсіздіктің 25 жылдығы» аясын-да ұйымдастырылған «Медицина қызметкерлерінің 50 спартакиадасының» қорытындысы да жарияланды. Соғыс және еңбек ардагері Кеңесбай Қалиев құттықтау сөз сөйлеп, ақ батасын арнаса, қалалық спорт бөлімінің меңгерушісі Ма-нас Төлебаев спартакиада қорытындысы бойынша жүлдегер командаларды бағалы сыйлықтармен марапаттады.

Денсаулықты сақтау мен нығайту, дұрыс тамақтану тәртібін сақтау, зиян-ды әдеттерден аулақ болу, салауатты өмір салтын ұстануды жастық шағынан меңгеру әр азаматтың жауапкершілігі екендігіне бұқара халықтың назарын ауда-ру мақсатындағы Денсаулық фестивалі 11 маусым күні Жалағаш кенті орталық алаңында қорытындыланды.

Аудандық жастар денсаулығы орталығының ұйымдастыруымен және амбулаторлық-емханалық қызметі бар Жалағаш аудандық орталық ауруханасы, аудандық ішкі саясат, дене шынықтыру және спорт бөлімдерінің бірлесуімен «Біз – салауатты өмір салты үшін» ұранымен өткен апталық шараның қорытынды салта-натында Жалағаш аудандық «Нұр Отан» партиясы филиалының бірінші орынбаса-ры Қ.Мұстафаева тұрғындарды «Денсаулық фестивалі» күнімен құттықтап, жылы лебізін білдірді.

Фестивальда жастардың флешмобы ұйымдастырылып, жаппай спорттық жаттығулар өткізілді. Ақцияға 500-ден аса аудан тұрғыны қатысып, белсенділік та-нытты.

Сонымен бірге, акция барысында жедел-жәрдем бригадасының кезекшілігімен орталық алаңда «Денсаулық қалашығы» ұйымдастырылып, тұрғындарға тегін медициналық көмек көрсетілді. Атап айтқанда, қан қысымын өлшеп, флюоро автокөлігі, қандағы холестерин мен қант мөлшері, антропометриялық көрсеткіштер мен түрлі аурулардың алдын алуға арналған ақпараттық-танымдық материалдар таратылды.

Акция соңында амбулаторлық-емханалық қызметі бар Жалағаш аудандық орталық ауруханасы бас дәрігерінің емдеу ісі жөніндегі орынбасары А.Өтегенова «Денсаулық фестивалі -2016» аясында өткізілген «Біз салауатты отбасымыз» атты толағай сайысындағы жеңімпаздарға бағалы сыйлықтар мен түрлі алғыс хаттар та-быстады.

Барлыбек БАТЫР.

– Елімізде төрешілдік пен әкімшілік кедергілерді жою мақсатында қазақстандықтарға «Бір терезе» қағидаты бойынша мемлекеттік қызметтер көрсету үшін Елба-сы тапсырмасымен 2007 жылы Халыққа қызмет көрсету орталықтары құрылған болатын. Орталық жұмысының тиімділігін арттыру үшін электрондық үкіметтің инфрақұрылымымен біріктіріліп толық жаңғырту жұмыстары жүргізілді. Бүгінде «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясына» қосылған ХҚКО департамент болып қайта құрылды. Қазіргі күні орталық 800 мыңға жуық халқы бар облыс тұрғындарына сапа-

500-ге жуық қызметкер еңбек етеді. Олардың білімі мен біліктілігін арттыру бағытында арнайы тәлімгерлер жұмыс жасап, қызметкерлердің білімін жетілдіру бағытында ша-ралар ұйымдастырады. Мемлекеттік қызмет көрсетуге байланысты туындаған сұрақтар бойынша уәкілетті ор-гаңдармен тығыз байланыс орнатылып, жоспарға сәйкес іс-шаралар өткізіледі. Сонымен қатар, қызмет көрсету кезінде туындаған психологиялық жағдайларды шешу үшін орталық психологы түрлі тақырыпта тренингтер өткізеді.

Орталық қызметкерлерінің жетістіктері де аз емес.

«АЗАМАТТАРҒА АРНАЛҒАН ҮКІМЕТ»

лы қызмет көрсетіп келеді. Және шалғай елді мекен аза-маттарына мобильдік ХҚКО қызмет жасайды. Бұл рет-те аудандық әкімдіктермен іссапар кестелері бекітіліп, соның негізінде мемлекеттік қызмет көрсетіледі. Былтыр 35394 қызмет, биыл жыл басынан бері 8535 қызмет түрі жүргізілді, – деді филиал директоры.

Қазіргі уақытта мүмкіндігі шектеулі тұлғаларға мемлекеттік қызмет көрсету үдерісі жеңілдетілді. Нақтырақ айтсақ, 1414 Бірыңғай байланыс орталығына қоңырау ша-лып, өтініш береді. Соның негізінде ХҚКО қызметкері өтініш ісесіні үйіне барып, мемқызмет көрсетеді. Бұл тек І, ІІ топтағы мүмкіндігі шектеулі азаматтарға ғана жүргізіледі. Барлық қалалық және аудандық бөлімдерде арнайы дефектолог қызметкерлер бар.

Былтыр автокөлік иелеріне мемлекеттік қызмет көрсетуге арналған мамандандырылған бөлім өз қызметін бастады. Онда 33 798 қызмет көрсетіліп, оның ішінде 77 жоғары сұранысқа ие нөмірлер сатылып, нәтижесінде ел бюджетіне 24 млн қаржы түсті. Биылғы жылы 14 403 қызмет көрсетілсе, оның ішінде жоғары сұранысқа ие 12 нөмір сатылып, мемлекет бюджетіне 5 млн-нан аса қаражат құйылды.

Қантар айынан бастап қаладағы ХҚКО-ның №1 бөлімшесінде «Бір терезе» қағидаты негізінде инвесторларға мемлекеттік қызмет көрсету секторы іске қосылды. Енді инвесторлар қызметті алу үшін әртүрлі ұйымдарға бармайды. Инвестициялық жобаны іске асы-ру бойынша барлық қажетті мемлекеттік қызметті «Бір терезе» қағидасы арқылы ала алады. Былтыр бұл меха-низм инвестициялық басым жобаларды жүзеге асыру-шы инвесторлар үшін ғана мүмкін болған еді. Ал би-ылдан бастап бизнесін кеңейтіп ішкен әрбір ин-вестор түрлі кеңестерді және барлық рұқсатнамалық құжаттарды осы жерден ала алады. Сонымен бірге, жерді пайдалану, құрылыс жұмыстарына қажетті құжаттар мен ғимараттарды сәулеттік-жобалау, инвестициялық шарт-ты бекіту және т.б. құжаттарды алу үшін осында жүгінеді.

– *Қазіргі күні филадарыңызда қанша қызметкер бар? Олардың біліктілік деңгейін, басты жетістіктерін айта өтсеңіз...*

– Облыс көлемінде халыққа мемлекеттік қызмет көрсету мақсатында 12 бөлім жұмыс жасайды, оның ішінде 4 қалалық, 7 аудандық бөлім және автокөлік иелеріне қызмет көрсетуге арналған мамандандырылған бөлім бар. Орталықта барлығы

ТӨРТ ТҮЛІК САУЛЫҒЫ ТҰРАҚТЫ ҚАДАҒАЛАНАДЫ

Бір-бірімен “Мал-жан аман ба?” деп сәлемдесетін қазақ үшін төрт түліктің орны қашанда ерекше. Малының төлді, қоңының шелді болуын ертеден қамдап, жайы-лым мен жайлауды әр мерзімде өзгертіп отыруының да өзіндік құпиясы мол. Бұл өз кезегінде малдың ауру-сырқауға шалдықтауы мен жердің құнарлануы үшін де қажетті шаруа. Кейбіреулер мұны бос жатқан жер-лер деп жаңылсады, ондай артық-ауыс қазаққа жоқ, әр аймақтың ерекшелігі мал шаруышылығының өркендеуі мен қатар, жалпы халықтың тұрмыс-тіршілігі үшін өзіндік маңыздылыққа ие. Мемлекет тарапынан мал ба-сын көбейту, оның тұқымын асылдандырумен қатар, ветеринарлық шараларды атқаруға баса мән беріліп отыр. Осы бағытты дұрыс түсінген, ойына алғанды іс жүзінде жүзеге асыра алған адамдар төрт түліктің рақатын көріп, молшылыққа өмір сүріп келеді. Бұл ел әлеуетін көтерудің тиімді бір жолы екендігі де анық. Ал мал емдеу-ветеринарлық шараларды жүзеге асырудағы жүйелі жұмыс – мал басын көбейтудің оңды қадамы. Мәселен, 2016 жылы республикалық және облыстық бюджеттерден қаралған қаржыларға жеткізілетін ветеринариялық препа-раттар көлемі 5-7 пайызға өскендігі байқалды. Сол секілді төрт түлік мал 21 түрлі ауруларға қарсы егіледі, 20 түрлі ауруларға тексеруге қан үлгілері алынады. Бұл, әрине, мал шаруашылығын дамытуға деген жаңаша көзқарас, үлкен қамқорлық екендігінде сөз жоқ.

– 2016 жылы жануарлардың аса қауіпті ауруларының алдын алуға арналған іс-шаралар бойынша республикалық бюджеттен бөлінген қаржыға жеткізілген ветеринариялық препараттардан Сібір жарасы ауруына қарсы 51700 бас ірі қара, 90000 бас уақ мал, 8000 бас жылқы, 1000 бас түйе егілді. Ауесыл ауруына қарсы ірі қара малдарға – 93300, уақ малдарға 190700 егу жасалынды, – дейді «Шиелі аудандық ветеринариялық станциясы» ШДЖК КМК дирек-торы Бекжан Бекқожаев.

Айтса айтқандай, шаруашылық жүргізу құқы-ғындағы «Шиелі аудандық ветеринариялық стан-циясы» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны ауд-дан көлемінде адамдар денсаулығына қауіп төндіретін ауылшаруашылық малдары мен жануарлар ауруларының алдын алу іс-шараларын тиімді жүргізіп келеді. Жеке

және заңды тұлғаларға ветеринариялық қызмет көрсетеді. Кәсіпорын құрамында ауылдық округтер мен кенттегі 23 ветеринариялық пункттер бар. Барлық пункттерде жоғары және арнаулы орта білімді мамандар қызмет істеп жүр.

Қолдағы мәліметке көз жүгіртсек, облыстық бюд-жеттен бөлінген қаржыға алынған ветеринариялық пре-параттармен тейлерноз, фасциолез, түйенің қатпа ау-руына қарсы егулер жасалынды. Ауыл шаруашылығы малдарының жұқпалы емес ауруларын емдеу, оларға пайдалануға қажетті ветеринариялық препараттарды са-тып алу мал егелерінің есебінен жүргізіледі.

Кәсіпорын мамандарына ауыл шаруашылығы жа-нуарларын бірдейлендіруді жүргізу, ветеринариялық паспорттар толтыру, компьютерлік дерекқорын жа-сау міндеттелінген. Тұрғындар меншігіндегі ауыл

Облыстық соттың жалпы отырысында төраға Нұрлан Қайырбеков жанадан тағайындалған судьяларды таныстырды. ҚР Президентінің «Қазақстан Республикасы соттарының төрағалары мен судьяларын қызметке тағайындау және қызметтен босату туралы» 2016 жылғы 31 мамырдағы Жарлығымен Әбдіқанов Сабит Әділұлы, Қаниева Клара және Маликова Шолпан Маратқызы облыстық соттың судьясы қызметіне тағайындалды.

Сабит Әбдіқанов 2008-2014 жылдар аралығында Қызылорда қалалық сотының, 2014 жылдан осы кезге дейін Қызылорда қалалық №2 сотының судьясы қызметтерін атқарса, Клара Қаниева 1994 жылдың наурызынан 1996 жылдың қарашасына дейін Қармақшы аудандық сотында әкімшілік және атқарушылық іс жүргізу судьясы, 1996 жылдан бастап Қармақшы аудандық сотының судьясы қызметтерін атқарған. Ал, Шолпан Малико-ва ҚР Президентінің 2005 жылғы 26 желтоқсандағы Жарлығымен Ақтау қаласының мамандандырылған әкімшілік сотының судьясы лауазымын атқарып келген.

Облыстық сот төрағасы Нұрлан Қайырбеков жанадан тағайындалған судьялардың алдағы қызметтеріне сәттілік тіледі.

Б.СМАЙЫЛОВ.

күзәлігін беру және қайтарып алу», «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры салымшысы қаражатының түсуі және қозғалысы туралы ақпарат беру», «Жылжымайтын мүліктің болуы (болмауы) туралы анықтамалар алу» сын-ды сұраныстар болып табылады.

– *Электронды үкімет порталын қолдануда халық белсенділігі қандай дәрежеде?*

– Елімізде азаматтарға мемлекеттік қызметтерді қолжетімді ету мақсатында «Электронды үкімет» пор-талы қызмет етеді. Бұл азаматтардың ешқандай мекеме-ге бармай-ақ, үйінде отырып немесе ғаламтор бар жерде мемлекеттік қызмет алуына үлкен мүмкіндік береді.

Тұрғындардың «Электронды үкімет» порталы арқылы қызмет алуы ХҚКО-ның барлық бөлімдерінің күту зальн-да өзіне-өзі қызмет көрсету секторы ұйымдастырылған. Қазіргі таңда осы «Сonnection point» қызметі арқылы 223 қызмет түрі көрсетіледі. Былтыр – 346456, ал биыл 107894 электрондық қызмет көрсетілген.

Орталыққа келген мемлекеттік қызметті алушының



Олар түрлі байқауларда оза шауып жүр. Мәселен, орталықтың ішінде өтетін «Кәсіпқой», «Тірек және бе-дел», «ХҚКО болашағы», «Орта буынның үздік басшысы» байқауларында бақ сынасып жүр. Сондай-ақ, мемлекеттік тілді дамыту бағытында өткізілген республикалық байқауда 2014 жылдың қорытындысымен жүлделі І орын-ды, былтыр ІІ орынды иелендік.

– *Халыққа қызмет көрсету саласында тұрғындар қандай қызмет түрін жиі қолданады?*

Орталықта 212 мемлекеттік қызмет көрсетіледі. Оның 191-і бұған дейін көрсетіліп келсе, былтырдан бері 21 жаңа мемлекеттік қызмет қосылып, қазіргі уақытта халықтың сұранысын қанағаттандыруда. Филиал өткен жылы 1 млн 272 870, ал жыл басынан бері 362 675 мемлекеттік қызмет көрсетіп отыр.

Тұрғындар арасында ең көп сұранысқа ие қызметтер «Тұрғылықты жерінен мекенжай анықтамаларын беру», «Жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркеу», «ҚР Ұлттық куәландыру орталығының тіркеу

«Электронды үкімет» порталы арқылы мекен-жай анықтамасы, салымшы қаражатының қозғалысының түсуі, соттылығы бар, жоқтығы туралы, мүлкі ту-ралы анықтаманы, тұрғын үйдің, балабақшаға қою кезегін көру, неке тіркету, лицензия алу және оны қайта рәсімдеу, салықты берешек, міндетті зейнетақы жарна-лары мен әлеуметтік аударымдар бойынша берешектің жоқ екені туралы мәліметтерді өзі алуға мүмкіндігі бар. Мемлекеттік кірістер департаменті арқылы жасалатын төлемдердің барлық түрін осы қызмет көрсету секторы арқылы қолдануға болады. Электронды үкімет порталын насихаттау мақсатында тұрақты түрде халыққа түсіндірме жұмыстары, пиар-акциялар жүргізіледі. Жалпы, халық Электронды үкімет порталын белсенді қолданады деп айтуға болады.

– *Әңгімеңізге рахмет! Қызметіңізге сәттілік тілеймін!*

Әңгімелескен Нұрбек ДӘУРЕНБЕКОВ.

• ЖИЫН

Өткен жұмада Ә.Тәжібаев атындағы облыстық әмбебап-ғылыми кітапханада Қазақ-тан кәсіподақтары күніне арналған салтанатты жиын болып өтті. Облыстық кәсіподақтар орталығы мен “Келешек” жастар кеңесінің ұйымдастыруымен өткен шараға салалық кәсіподақ ұйымдарының төрағалары, кәсіподақ ардагерлері мен белсенділері қатысты.

КӘСІПОДАҚ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ ҚҰРМЕТТЕЛДІ

Облыстық кәсіподақтар орталығының төрайымы Сәуле Илиясова жиынға қатысушыларды кәсіби мерекелерімен құттықтап, бір топ сала үздіктеріне Кәсіподақтар Федерациясының марапаттарын тапсырды. Білім және ғылым қызметкерлері Сырдария аудандық кәсіподақ комитетінің төрағасы Сұлмас Есеназар “Кәсіподақтарға сіңірген еңбегі үшін” төсбелгісіне ие болса, салалық мәдениет, спорт және ақпарат кәсіптік одағы Жалағаш аудандық комитетінің төрайымы Роза Боранбае-ва мен облыстық жұқпалы аурулар ауруханасы кәсіподақ ұйымдарының төрайымы Раиса Боранбае-ва ҚР Кәсіподақтар Федерациясының Құрмет грамотасымен марапатталды. Сондай-ақ, облыстық кәсіподақтар орталығының Құрмет грамотасы психикалық жүйке аурулар интернаты кәсіподақ ұйымының төрайымы Зухра Изетова, қалалық №3 емхана бастауыш кәсіподақ ұйымының төрағасы Алтынбек Пірмағанбетов, №11 Сырдария аудандық олимпиадалық резервтегі мамандандырылған балалар мен жасөспірімдер спорт мектебі кәсіподақ ұйымының төрайымы Күміскүл Бердешоваға табысталды.

Бұдан басқа облыс әкімдігі мен кәсіподақтар палатасының марапаттары да өз иелерін тапты.

Бақтыбай БЕРДІБАЕВ.

